



ГАЗЕТ 1997 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР АЙЫНДА ҚҰРЫЛҒАН
ГАЗЕТА ОСНОВАНА В АПРЕЛЕ 1997 ГОДА

Тілі әлемі Мир ЯЗЫКОВ World of Languages



Ректор КазУМОиМЯ имени Абылай хана Салима Сагиевна Кунанбаева — член Оксфордского академического союза



Поздравляем Ректора КазУМОиМЯ имени Абылай хана Салиму Сагиевну Кунанбаеву с вхождением в состав почетных профессоров Оксфордского академического союза. Труды Салимы Сагиевны получают высшую оценку международного научного сообщества.

Это знаменательное событие связано с тем, что 4 книги Салимы Сагиевны вышли в Кембридже. Иноязычная методология в этих работах представлена в полной мере, раскрыты содержание и сущность понятий моделирование содержания компетентностного образования, детально изложены способы и педагогические возможности его формирования. Аналитический материал в силу значительной степени инвариантности его предметного содержания может быть адаптирован для филологии, лингводидактики, переводческой практики. Изложенные общие положения в этих монографиях свидетельствуют о том, что представленные к изданию материалы характеризуются новизной и оригинальностью, соответствуют существующим требованиям к научным изданиям, поэтому они высоко оценены не только казахстанской но и зарубежной общественностью.

Поздравляем нашего замечательного ректора неутомимого труженика ученого с большой буквы академика НАН РК Кунанбаеву Салиму Сагиевну.

Мы желаем Салиме Сагиевне и Университету дальнейших успехов и процветания.

*Ректорат,
коллеги и студенты*

Салима Сагиевна, Оксфорд профессор атағына ие болғаныңызға құттықтаймыз!

Бүгінгідей мерейлі сәтте сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет шығармашылық шабыт, биік белестерді бағындыра беріңіз деген тілек айтамыз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табыс-тартуларыңыз арта берсін. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік болсын!



Күн мен түн теңелетін әз-Наурыз мерекесі құтты болсын, ағайын!

Баршаңызды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық парасаттарыңыз сіздерді зор құрметке бөлендіре берсін. Жасыңызға жас қосылсын, ақ мол болсын, берекелі, қуанышты және сәтті жыл болсын!

Әрбір Наурыз – жаңа перспективалар қалыптастыратын, жаңа мақсаттар мен міндеттер қоятын өзіндік бастау нүктесі. Мемлекеттің болашағы оқу орындарының бүгінгі түлектерінің біліміне, құзыреттілігіне және бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты. Сондықтан да еліміздегі шетел тілі мамандарын даярлауда білікті азаматтардың болуы шарт. Ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, нұрдың молаятын, тіршіліктің жаңаратын, өмірдің жаңғыратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңейетін кезеңі. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, әр отбасына бақыт пен құт берекесін ала келсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Весна - время обновления, добрых перемен, новых планов и достижений! Наурыз не только является государственным праздником Казахстана, празднуемым на протяжении трёх дней, но и признан ООН в качестве международного праздника. Наурыз отмечают во всех странах Средней

Азии, а также в Грузии, Индии, Иране, Китае, Турции и многих других странах по всему миру. Наурыз символизирует одно из семи жизненных начал: рост, удачу, счастье, богатство, здоровье, мудрость и покровительство небес. Наурыз вообще полон символов и надежд. В связи с этим желаю вам, дорогие сотрудники университета и студенты, по-настоящему весеннего вам настроения, гармонии в мыслях и делах. Пусть процветает наш университет и его студенты. Счастливого вам Нового 2022 года, пусть любовь и счастье наполнят ваши сердца и дома!

Ректор КазУМОиМЯ имени Абылай хана
Кунанбаева С.С.



**НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

ҰЛТ ҰСТАЗЫНА ТАҒЗЫМ!



өздерінің болашақ мамандықтарына тікелей байланыстырып, өткен мен бүгінді саралап көрді. Естелік жәдігерлер мен олардың тарихын танып, өткенге көз жүгіртті. Арнайы мамандармен және музей-үйдің меңгерушісі Райхан Сахымбекқызымен тілдесіп қайтты. Тек мұнымен шектелмей, олар музей-үйінде арнайы қадірлі қонақтарға арналған дәптеріне өзіндік қолтаңбаларын қалдырып, ізгі ниеттерін жазып қалдырды. Ахметмұраларын насихаттау жолынағы игі бастаманың нәтижесінде қазіргі таңдағы мұражайларға ат ізін салмайтын көп жастарға үлгі болып, өздері де рухани мол азық алған студенттеріміз уақытты тиімді де пайдалы өткізгендеріне дән риза. Алдағы уақытта игілікті істі жалғастырып, болашақ

3 наурыз күні Халықаралық коммуникация және менеджмент факультеті журналистика мамандығының 3-курс студенттері арнайы Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйіне барып қайтты. Негізгі мақсат – Ахмет атамyzдың мұраларын насихаттап, тарихи ақтаңдақтарын ақтару және Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келгеніне 150 жыл толуына орай арнайы ұлт ұстазына тағзым ету.

Болашақ журналисттер жетекшілері Нұржн Қуантайұлмен бірге Ахмет Байтұрсынұлының өзі тұрған үйіне барып, оның өмір жолымен танысып, шығармалары мен мақалаларын өз көздерімен көрді. Сонымен қатар, белсенді студенттеріміз ана тіліміздің грамматикасының негізін қалаушы, журналистиканың және қазақ көсемсөзінің дара жолын салушы Ахмет атамyzдың еңбектерін



журналисттер өз жетекшілерімен бірге басқа да Алматы қаласының және жалпы алаш ардақтыларының мұражайларына саяхат жасауды көздеп отыр.

Халықаралық коммуникация және менеджмент факультеті

VIII Республиканская научно-практическая конференция молодых ученых и специалистов

«Индустрия 4.0: диалог поколений и новые ориентиры для молодых ученых»



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И МИРОВЫХ
ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА

VIII Республиканская научно-практическая конференция молодых ученых и специалистов «Индустрия 4.0: диалог поколений и новые ориентиры для молодых ученых»

11 марта 2022 года


11 марта 2022 г. В г. Алматы университете Международных отношений и мировых языков имени Абылай хана состоялась VIII Республиканская научно-практическая конференция молодых ученых и специалистов «Индустрия 4.0: диалог поколений и новые ориентиры для молодых ученых». В конференции приняли участие иностранные и отечественные ученые, преподаватели университетов, докторанты и магистранты. Участники Пленарного заседания выступали на английском, русском и казахском языках. Конференция прошла в online формате.

На секции были представлены работы студентов по основным направлениям работы:

1. Актуальные вопросы инновационно-информационного пространства иноязычного образования
2. Современные проблемы филолого-лингвистических исследований, перевода и межкультурной коммуникации
3. Значимость науки в инновационно-цифровом развитии Казахстана и стран СНГ
4. Роль Великой степи в глобальной истории: патриотическое и духовно-нравственное воспитание молодежи
5. Геополитические процессы современного мира: риски и вызовы
6. Лингвистические и общественно-политические проблемы стран Востока

7. Теоретико-прикладные аспекты и нынешние тренды экономики, международного и национального права, менеджмента.

8. Новая медиа, журналистика и векторы развития туризма в эпоху информационных технологий.



«РАЗНООБРАЗИЕ И ГАРМОНИЯ ИНДОНЕЗИИ И КАЗАХСТАНА»




продемонстрированы видео-ролики об обычаях, традициях и в целом о культуре казахского народа. Ознакомившись с особенностями двух стран, студенты задавали друг другу вопросы, а также делились своими впечатлениями. Все участники мероприятия отметили высокую важность проведения таких встреч для развития культурных и социальных отношений между Казахстаном и Индонезией и наметили дату второй онлайн-встречи.

Отдел по воспитательной и
социальной работы



10 марта 2022 года, в рамках подписанного меморандума о сотрудничестве, прошла совместная онлайн встреча студентов Казахского Университета Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана и студентов Universitas Penbangunan Nasional Veteran Jakarta (Индонезия). Так же во встрече приняли участие Ректор UPNVJ - Д-р Эрна Хернавати, Проректор по ВР КазУМОиМЯ им. Абылай хана - проф. Сережкина Т.В., Посол Индонезии в Казахстане г-н Фаджрул Рахман, Посол Казахстана в Индонезии г-н Данияр Сарекенов, а так же преподаватели и сотрудники обоих университетов. Обозначив тему встречи: «Разнообразие и гармония Индонезии и Казахстана» прошла очень интересная дискуссия между участниками. Со стороны Индонезийского университета были продемонстрированы видео-сюжеты об особенностях Индонезии, о традициях и обычаях индонезийцев.

В свою очередь, студенты 2 курса Факультета международных отношений Каратай Бектемири и Туребай Алия выступили с презентацией о Казахстане. Были



ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ҰСТАЗ



14-наурыз күні ҚазХҚжәнеӘТУ ректоры, академик С.С. Құнанбаеваның қолдауымен, Қазақ филологиясы кафедрасы Мемлекеттік тілді дамыту орталығының ұйымдастыруымен **А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына** орай және белгілі ұстаз, әдіскер-ғалым **Ғ.Ж. Тұңғатованың 60 жылдық мерейтойына** арналған «**Тілді оқытудың заманауи әдістері**» атты дөңгелек үстел болып өтті.

профессор А.А. Бейсенбаева, PhD З. Жаналиева, шет тілдер методикасы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Г.Б.Жұмабекова, шет тілдер практикасы және коммуникациясы кафедрасының меңгерушісі М.А.Қасымбекова құттықтау тілектерін жолдады.

Құшағы гүлге толған ұстазға айтылған тілектер мен ыстық ықыластар «Ғалия Жолдыбайқызының өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері» атты өмірбаяндық бейнебаянымен өрнектелді.

Әсерлі бейнебаяннан кейін Шығыстану факультетінің деканы, PhD., доцент



Ғалия Жолдыбайқызы Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ-де білім алып, осы университетте мемлекеттік тілді дамыту бағытында 40 жыл бойы еңбек еткен тұлғалы ұстаз. Осы еңбегін ескерген ректордың арнайы құрмет грамотасын университетіміздің Ғылыми және инновациялық істері жөніндегі проректоры, э.ғ.д., профессор М.У. Успанова табыстады. Сонымен қатар ұстаздың университетке сіңірген еңбегі мен елеулі үлесі жайында әсерлі баяндап берді.

Тынымсыз адал еңбек иесі, дарынды ұстаз Ғалия Жолдыбайқызының құрметіне арналған дөңгелек үстел жүрекжарды тілектер мен ыстық лебіздерге толассыз болды. Ұстаздың әріптесі ф.ғ.д., профессор Ж.Ж.Есеналиева Ғ.Жолдыбаеваның ғылым мен педагогикалық қызметіндегі жетістіктері жөнінде, әдістемелік ұстанымдары мен еңбектеріндегі негізгі қағидаларын, педагогикалық шеберлігіндегі озық әдістері жайында тебіреніске толы баяндама жасады.

Ғалия Жолдыбайқызының педагогикалық қызметіне бағыт берген, алдыңғы буын әрі үзегілес әріптестері – педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.А. Ұзақбаева, п.ғ.д., профессор Қ.Л. Қабдолова жылы лебіздерін білдірді.

Сонымен қатар Ғ.Ж.Тұңғатованың замандас әріптестері педагогика ғылымдарының кандидаты,

Д.Д. Бакыткерейқызы, шығыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., профессор Г.Ж. Бүркітбай, Шығыс тілдері аудармасы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к Р.Б. Желдібаева, кәсіподақ комитетінің төрайымы Л.А.Закржевская мерейтой иесіне ыстық ықыласын білдірді. Халықаралық коммуникация және менеджмент факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор М.Х.Жұбанова Ғ.Жолдыбайқызына жүрекжарды тілегін жеткізді.

Ғалия Жолдыбайқызына ҚазХҚжӘТУ-дегі Қазақ филологиясы кафедрасының іргетасын қалаушылардың бірі ретінде баға берген әріптес-замандасы ф.ғ.д., профессор З.Ш.Ерназарова да игі тілектерін жаудырды.

Ғылым мен білім беру жолында қызметтес-әріптестерінің құттықтауларынан кейін, сөз кезегі Ғалия Жолдыбайқызының бірге оқыған курстастары мен сыныптастарына берілді. Қазақ тіл білімінің дамуына елеулі еңбек етіп жатқан ҚРҰҒА академигі, ф.ғ.д. К. Құрманәлиев курстас досы Ғ.Тұңғатованың ұстаздық болмысын аша түсті. Қарапайымдылығымен, мейірімділігімен шәкірттерінің зейінін ашуға жол табатын қасиеттерін, дамыта оқыту әдістерін тиімді пайдаланатын шеберлігін атап өтті.

Жастайынан ізденіс пен талпынысқа құштар, табанды еңбек иесі, нағыз ұстаз Ғ.Тұңғатова бала кезгі достарынан да байланысын үзген емес. Осыған дәлел

болғандай мектеп қабырғасынан білімге құштар, отансүйгіш, тіл жанашыры ретінде танылуына куә болған сыныптас досы Г.Қ. Қарқабатова сөз алып, ыстық лебізін білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

Қазақ филологиясы кафедрасының ардагер-ұстаздары Р.Б. Ибраева және Н.К. Мұхамдиева Ғ.Жолдыбайқызын кафедраға алғаш қадам басқаннан бастап, осындай ұлағатты ұстаз дәрежесіне дейінгі ғұмырын көз алдында өткергені жайында, оның әрбір іске жауапты әрі тиянақты, терең лингвистикалық білім иесі екенін ерекше атап өтті.

Сөз соңында дөңгелек үстел модераторы Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., доцент А.Т. Қоңырова Ғ. Жолдыбайқызын кафедра мүшелері атынан мерейлі жасымен құттықтады. Дөңгелек үстелге қатысушыларға және оны ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Дөңгелек үстел жай ғана құрмет көрсету салтанатымен шектелген жоқ. Алғашқы тренинг сабағы



Ғ.Жолдыбайқызының өткізуімен басталған мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларына арналған тіл үйретудің инновациялық әдістерін үйретуге бағытталған 2 апталық, яғни 80 сағаттық курсқа ұласты. Курс соңында қатысушылардың арнайы сертификатқа ие болатынын ескерсек, нағыз ұстаздың берері мол, қалдырар ізінің анық екенін түйсінуге болады.

Ғалия Жолдыбайқызы, еңбегіңіздің зейнетін көріңіз! Отбасылық бақыт, шығармашылық табыс тілейміз!



«1 наурыз – Алғыс айту күні» Жас ақындар қаламынан!

Адамдық жайлы диалог

- Ата, сол кезең есінде ме?
 - Құлыным, естен кетпес, ұмытқым келсе де.
 - Жауларды айтып, соғысты толғадың,
 халқымды құлшынып білуге
 - Балам-ау, не жетсін бабаңды білгенге,
 Ғасырлық тарихым есімде
 Бүгінде сол елдің ұрпағы
 Атаңның тарихын сөйлеуде.
 Тарихты білмекші балапан,
 Құлақ ас сөзіме, мұқият, ар айнама.
 Оңай болмады ол күндер жалғанда,
 Адамдар қайғысын Адамнан тапқанда.
 Саған оны ұғынар уақыт, балам, қайда?
 Жомарттығын жырлайын бүгінге
 Қайсарлығы үлгі болар ертеңге.
 - Ата, жомарттық жоқ па еді бүгінде?
 Неге мұңлы үні байқаймын сөзіңде?
 - Құлыншағым, тәттімін өзіңнің сөзіңе
 Жомарттық, бүгін, бәлкім, бар ма еді?
 Бола алмас ұқсаған ол кешеге.
 «Неге, ата», - дейді бала қызығып,
 Қайдан білсін жүректегі атасының
 сызығын.
 - Балам, үзім наның болса егер қолыңда
 Кімге берер едің адамдардан жолыңда?
 - Берер едім анам менен атама,
 Бірақ ата, бүгін нан көп қой қалада.
 - Балам, бұл күндер тоқтық күні баршаға,
 Ал ол кездер... келмейді де айтуға.
 Ол кезеңде болмап еді тамақ та,
 Бір үзім нан тең еді біздер үшін бақытқа.
 Кішкентай кесе тарыны бөлуші едік
 баршаға.
 - Ата, барша деген кім еді?

- Сол кезеңде біздің елде өзге халық бар еді...
 Ауырлықтан, соғыстардан шаршаған
 Бейбіт күнді еске алып, тамсанған.
 Орыс, кәріс, болгар, татар, молдаван
 Ол кезеңде талай адам аштықпенен
 қырылған.
 Бабаларың бола біліп жанашыр,
 қамқорлықтан еш уақытта қашпаған.
 Қарсы алды, жая үйге құшақтарын
 Қамқор болды, ренжітпей тұқым менен
 тұяқтарын.
 Апаларың бөлісті арпа-бидайларын
 Аяуды білмеді олар талқандарын.
 Халқыңның жомарттығы тамсандырды
 бауырларды
 Өзіне де, өзгеге де жеткізген тарысын
 Сол халықтар риза бүгін риясыз.
 - Ата, бабамның күшті рухы таңғалдырмай
 қоймайды
 Бірақ мені бір сұрақ мазалап әлі болмады.
 Немістер... мен оларды жатқызбаймын
 адамға
 Саналы адам теңейді оны жауыз бенен
 жауларға.
 - Балам, тоқта, жүректі ондай оймен
 былғама :
 Халықтың жақсысы жоқ, жаманы,
 Әр халықтың болады әр кез азамат пен
 арсызы.
 Бір адамдай баға берме халыққа
 Ол халық та тигізген ықпал қоғамға.
 Сол халықтың басшысының кінәсін
 Сол халыққа жаба салу дұрыс па?
 Ол халық та мейірімді, жанашыр
 Бағалай білген әр кез өзге ағасын.

Сенің дана бабаң түсінген мұның астарын
 Сондықтан олар қимаған кінәсіздің
 қанатын.

Адамның бойында болсын Адамдық
 Тәрбие мәні осында еді жастардың.
 Тектілік сақтаған халықтың ұрпағы,
 Сақтап қал бойында Адамдық ұранын!

халықаралық қатынастар
 мамандығының 1-курс студенті
 Қапалбай Амина

«Алғыс»

Тоқтамай тыным таппай сағаттарда,
 Ойланам көз ілместен әр ақ таңда.
 Көз ашық, басым аман, бауыр бүтін,
 Әуелі мың рахмет жаратқанға.
 Адамзат адам болып жаралғанда,
 Нұр құйған кіршіксіз пәк саналарға.
 Ақ сүт беріп аялап мәпелеген,
 Шексіз алғыс асыл жан аналарға.

Мектепке бардың таудай талабыңмен,
 Үйрендің әріп танып жанарыңмен.
 Ұстазға алғыс айтып өлең жазам,
 Ең бірінші ұстатқан қалмыңмен.

Көз қиып, қол сұқтырмай қараларға,
 Қан төгіп, өткір қылыш жан алғанда.
 Біздерге мұра еткен байтақ жерді,
 Бас ием батыр, қайсар бабаларға.

ФММК, журналистика, 1-курс студенті
 Әділбек Біржан

«Мы - народ доблестный, дети чести!»

Ко Дню благодарности, который празднуется в Казахстане 1 Марта, наш Университет организовал внутривузовский конкурс на лучшее стихотворение «Мы - народ доблестный, дети чести!» Основная идея конкурса состоит в демонстрации Казахского народа – народом силы духа, благочестия и великодушия, благодаря которому репрессированные народы смогли выжить в казахской степи.

1 место заняло стихотворение Палей Татьяны -

«Мы - народ доблестный, дети чести!»

Студентка 2 курса Факультета Перевода и Филологии

Судьбы не будет, слово - выстрел в небо
 Неважно, кто ты есть и как зовут
 За крылья, что присущи каждой птице,
 Вагонов вереницы поплывут

Ты будешь изгнан, враг народа первый,
 Забытый поневоле дом.
 Тебя не встретит, даже если был уверен,
 Что все вокруг - несчастный сон .

Махать платочком вслед никто не станет
 Ты будешь пыль, ты будешь скот, ты
 Будешь сила «трудовых восстаний», пока
 Тебя земля не заберёт

Ты птица в безысходном содрогании,
 Что втоптанная в землю тёмных дней
 Что брошенная в мрак без оснований
 В те стены беспощадных лагерей

А что тогда прописано для тех,
 Кто встретить пуль не попытал успех

Кто испытал потерю и смятение
 Кто в чуждый край попал без приглашения,

Кто духом пал и кто не пал
 Кто тщетно ждал и кто пропал
 В пучине горя своего

Степи великой дух, неколебимый в час
 Сострадания руки протянул судьбу
 Делить готов был с тем, кто сеял
 Надежды свет, что есть обратный путь

И кров, и хлеб, и все, что нужно было в
 Тот миг, когда ход времени застыл как
 Брат народов, верный и надёжный
 Казахский люд от немощи укрыв
 Народы, что в дали от дома, народы,
 Что на всё готовы за то, чтобы
 Спокойно жить

Пятно истории останется на месте, но
 Бесконечна благодарность сыновей,
 Чей предок, и ушедший и живущий
 Был встречен сердцем вековых степей.

**II место заняло стихотворение
Мутәліповой Мадины -
«Единство - наша сила»
Студентка 3 курса Факультета
Востоковедения.**



Казахстан. Большая степь.
Голод. Повсюду смерть.
Гибнет зверь, земля и человек.
Однако же, степной народ не так уж то и прост.
Думали они, такой режим нас сломит.
Сегодня мы Один народ.
Мы живы! Мы живем!
Нам много пережить пришлось. Даже тот «Голодомор».
Расскажу я вам пример того, что мы действительно один народ,
Хоть из разных мы культур.
Но прежде чем начать, задам я лишь один вопрос:
Знаешь ли ты кто построил из Азии в Сибирь огромный мост*?
И вот время начать мне мой рассказ.
Построен он был на крови,
Крови тех, кто был отправлен сюда за тем, чтобы власти не мешать.
Власть хотела силы, она хотела подчинить.
Поэтому сослала тех, кто ей не угодил.
Да даже если угодил, стоило лишь губами прошептать: «Я против».
Уже он был прямо по пути в ГУЛАГ.
Повсюду страх.
В тот день и сын мог обличить отца, за то что он пошел против
Вождя.
И вот, всех тех, кто был ложно обвинен, сослали к нам.
Сказали им работать, работать сквозь кровь и сон.
В Карлаге им показали что такое голод,
Им показали, как отмерзают пальцы на руках во время их работ.
И как мы помним, на одной земле - мы все один народ.
Карлаг тот нашей был землёй.
Любой казах, что жил в округе знал - там смерть и голод.
Никто не думал: «Там Враг народа заключен!».
Они хотели лишь помочь.
Кидали курт, как будто камни.
Как будто ненавидят.
На самом деле - они кормили, кормили тех, кто умирал.
Историй много - суть одна.
Коль мы едины - Мы сильны!
И вот, теперь ты спросишь как жил же наш народ?
А я отвечу: Тогда не жили люди. Мы выживали.
Ужасные то были времена.
Тогда узнали мы грань смерти какова..
И если бы не общий враг, никто не знает, что с нами мог бы
сотворить ГУЛАГ.
Мы вдруг объединились,
Мы поняли кто наш главный враг.
Нас не смог сломить январский холод,
И даже многолетний голод.
Мы в итоге победили.
Мы победили власть!

Пометки:

*из Азии в Сибирь огромный мост - Турксиб, железная дорога из
Сибири в Среднюю Азию.



**III место заняло стихотворение
Джангуловой Санель -
«То время Сталинской поры».
Студентка 1 курса Факультета
Перевода и Филологии.**

«То время Сталинской поры»
В тридцатые годы двадцатого века,
«Великий» Иосиф в высоком Кремле –
Культуру и быт горского человека,
Решил уничтожить в равнинной земле.

Отмашкой пера на бумаге казённой:
«Чека погрузили войнахов в вагон»
И был тот народ на года увезённый –
От родины милой в другой регион.

Широкие степи не стали чужбиной,
В крови у казахов – гостей принимать.
Уставшим, голодным отдав половину,
Все начали новым жильцам помогать.

Казахские семьи – большие извечно,
Но это не стало причиной того,
Чтобы кто-то из них потеряв человечность –
Не принял, кем брата, хотя бы одного.

А было, и часто, что семьи казахов
Другую семью подселяли в свой дом.
И не было слышно ни «охов» ни «ахов»,
Лишь Бога, о силе, прося перед сном.

Все тяготы, трудности, море лишений,
Войну, эшелоны, бежавших людей –
Казахи стерпели в едином стремлении,
Ничем не обидеть неожиданных гостей.

Спустя почти век, поглядите, родные!
Мы дружными быть так и не перестали,
Мы быт и культуру свою сохранили,
Нас этим невластны ни Ленин, ни Сталин!

*Поздравляем наших победителей и желаем
творческих успехов и вдохновения. Победители
конкурса получили памятные призы от КазУМОиМЯ
им. Абылай хана.*

**Председатель комитета по делам молодежи
Камила Нұрланқызы**

«Армысың, Әз-Наурыз!»



Ұлыстың Ұлы күні, жаңа жылдың бастауы Әз-Наурыз мерекесі университетімізде шығыстану факультетінде ерекше аталып өтілді. «Армысың, Әз-Наурыз» атты ұлттық нақышта өткен шараның негізгі мақсаты мерекені атап өтіп қана қоймай, жастардың бойында патриоттық рухты тәрбиелеу және ұлттық сананы қалыптастыру болып табылады.



Шара барысында демалыс орны қазақы нақышта безендіріліп, ұлттық тағамдардан дастархан жайылды. Келушілерге арнайы естелік суретке түсуге арналған қазақы фото-зона да дайындалған. Тек мұнымен шектеліп қана қоймай, белсенді де өнерлі жастар ұлттық аспабымыз домбырада ойнап, күй тартып, әуезді әндер де шырқады. Жастар арасында кеңінен танылған заманауи әндерді домбырада әуелеткен студенттер қауымы осылайша көпшілікті сүйсіндіріп, таңқалдырды.

Шараның тағы бір артықшылығы ұйымдастырушылар ұлттық киімдерімізді насихаттау мақсатында қазақы стильде киініп, көптің назарын аудартты.

Факультет ұстаздары мен белсенді студенттердің игі бастамасы аясында өзге факультеттерден де студенттер мен оқытушылар қонақжайлықтың куәсі болып, мерекелік әсерге бөленді. Барша студентке есігін айқара ашқан «Армысың, Әз-Наурыз» іс-шарасының ұйымдастырушылары осылайша әр келушіге мерекенің символына айналған тағам «наурыз көже» ұсынып, дәм ауыз тиуге шақырды. Салт-дәстүрімізді жаңғыртып, жаңа жыл мен жаңа күннің бастауын атап өткен шығыстану факультеті алдағы уаққа да түрлі іс-шаралар өткізуді жоспарлауда.



Шығыстану факультеті

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ!

«Самый лучший староста»

Подошел к концу конкурс «Самый лучший староста», организованный для определения лучших из лучших. С 21 по 25 февраля волонтерская организация «Көмек» провела конкурс «Самый лучший староста». В соревновании приняли участие 12 старост. Конкурс проходил в два этапа и оценивался по бальной системе. В первом этапе, каждому из участников выдали специальную тетрадь, где нужно было собрать максимум отзывов от своих сокурсников и преподавателей. Также одноклассники участников могли снять креативное видео или создать фотоколлаж, тем самым заработать дополнительные баллы.



Во второй этап-викторину прошли 5 наших лучших участников. Айнур Садыкова, студентка педагогического факультета, стала победителем конкурса и обладателем кубка «Самый лучший староста». Кроме того, всем участникам были вручены грамоты за участие и Серікбай Қарашаш (студентка 2 курса факультета ПФИЯ) была награждена грамотой за «Лучшее креативное видео». Большое спасибо всем участникам и болельщикам, которые не жалели сил для защиты чести своего факультета!

SDU «Mini Model UN-2022»

2 наурыз 2022 жылы БҰҰ Модель клубының мүшелері Алматы облысы Каскелен қаласында орналасқан Сулеймен Демирель Университетінде өткізілген Mini Model UN 2022 конференциясына қатысты. Конференция соңында әр делегат сертификатпен марапатталды. Сонымен қатар, университетіміздің 3 студенті үздік номинанттар атанды:



1. Кадыркулова Самал, Аймақтану мамандығының 1-ші курс студенті - General Assembly (Бас Ассамблея) комитетінде «Honourable mention» номинациясы

2. Сайлаубай Темирлан, Халықаралық қатынастар мамандығының 1-ші курс студенті - General Assembly (Бас Ассамблея) комитетінде «Best Delegate» номинациясы

3. Баймиров Ақылбек, Халықаралық Қатынастар мамандығының 2-ші курс студенті - Security Council committee (Қауіпсіздік Кеңесі комитетінде) «Best Delegate» номинациясы. Алдағы уақытта да толағай табыстар тілейміз.

Праздник «8 марта»!

4 марта в красном зале состоялся праздничный вечер, посвященный «8 марта – Международному женскому дню». На концерте были исполнены красивые песни, танцы и сценические номера. Так же организаторы подарили поздравительные открытки дорогим гостям.



«Inyaz дауысы»



11 наурыз күні университетіміздің ең тартысқа толы байқауы «Inyaz дауысының» жартылай финалы өтті. Кештің жұлдызды қонақтары Таншолпан Кинжембетова, Сабина Нұрлан, Диляра Дидарова, Бейбітұлы Шыңғыс, Байсерік Бахтияр «Inyaz дауысы» жартылай финалында төрелік етті. Әділқазылардың сынынан сүрінбей өткен жарысқа қатысушылар өзара бақ сынасып, үздіктердің үздігі анықталды. Шотанова Дания, Ерғалиев Бексұлтан, Күнболат Арман, Орынбасар Жібек, Имакаева Сабина Камашева Айдана финалға жолдама алды.

прошел позитивно и интересно. В ходе турнира группы соревновались не только по определенным темам, но и по стилю речи каждого участника, публичному поведению, эмоциональной сдержанности и логическому мышлению. На площадке дебатов соревновались сильнейшие студенты со всей страны. Мы уверены, что турнир послужит большим опытом для наших студентов. Желаем удачи дебатному клубу в будущем!

Футзалдан финалға жолдама!

Ұлттық студенттер лигасының ұйымдастыруымен Алматы қаласының жоғарға оқу орындарының арасында футзалдан жарыс өтіп жатыр. 20 жоғарғы оқу орыны жереби арқылы 4 топқа іріктеліп, өзара кіл мықтыны анықтады. Футзалдан ерлер арасында өткен ойын барысында университетіміздің құрама командасы «А» тобының барлық командаларын ойсырата жеңіп, ақтық сынға жолдама алды. Кезекті жарыс Нұр-Сұлтан қаласында өтетін финал ойыны. Финалда жеңіске жеткен футбол командасы Алматы қаласының намысын қорғайтын болады. Университет атын асқақтатып жүрген студенттерімізге тек сәттілік!

Дебатный турнир в Туркестане



19-20 марта члены казахской лиги дебатного клуба нашего университета, студенты 2 курса Акимбаева Сабина, Абиылда Тогжан, Серикбаева Улпан, Алхан Зерайым посетили дебатный турнир в священном городе Туркестан. Турнир, в котором соревновались 40 фракций,



Общая редакция – Председатель Правления - Ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА
Главный редактор – проректор по УМР, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА.

Ответственный редактор – проректор по СВиВР Т.В. СЕРЕЖКИНА, пресс секретарь Ұ. БОЛАТОВА +7 708-771-67-40, e-mail: presscentre
Редакционная коллегия: – начальник издательства Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА, дизайн-верстка Б.С. КЫНЫРБЕКОВ.

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана»

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации РК. Свидетельство № 497 от 25 апреля 1997 г.

Подписано в печать: 28.03.2022 г. Заказ № 3085. Тираж 200 экз. Отпечатано в издательстве «Полилингва»

АО «КазУМОиМЯ имени Абылай хана», г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. Тел.: 292-54-75, пресс-центр: 292-60-44,